

Зертханалық сабақ тақырыбы 1. Packet Tracer ортасында желі компоненттерімен жұмыс

Тапсырма

Аудитория желісінде домен жасау. Доменді жасау үшін, негізгі контроллер, қосымша контроллер, жұмыс станциялар (саны мұғаліммен анықталады) ролін атқаратын компьютерлерді таңдау керек.

Орындалуы тиіс әрекеттер қатары:

а) домен жасалуы тиіс 3 не одан да көп компьютерлерді анықтау.

Болашақ доменнің компьютерлерінің арасында физикалық байланыстың боуын тексеру (желілік тақташаның болуы, олардың дұрыс орнатылуы, желілік кабелдің тартылуы, концентратордың (коммутатордың) жұмыс қабілеті);

ә) доменнің компьютерлерінің IP-адрестерін жоспарлау және бекіту.

Егер бұған дейін де желіде домен не жұмыс тобы болған болса, онда адрестерді бар адресстермен келістіру керек. С тобының желілерінің 192.168.0.1 –192.168.255.254 адресстерін

қолданған дұрыс. Домен компьютерлерінің IP-адресстерінің қазіргі кофигурациясын есте сақтау керек;

б) доменнің бірінші контроллері болып таңдалған бір компьютерге кофигурация жасау – тармағын қара. Доменнің атауы қазірде бар доменнің атауынан айрықша болуы керек (егер бір физикалық ортада бірнеше домен жасалса, онда домендердің атауын алдын ала келістіріп алу керек);

в) алдын ала таңдалған бір компьютерді қосымша контроллер ретінде тетіктеу.

г) басқа компьютерлерді доменге қосу. Ол жұмыс станциялары Windows 2000 Professional не Windows XP Professional/Home операциялық

жүйелерінің басқаруымен жұмыс істегені дұрыс болады. Алайда Windows 2003 Server басқаруындағы компьютерді де пайдалануға болады. Компьютерлердің идентификациясының тетіктелуі алдын ала есте сақталады (компьютер атауы мен оның мүше болатын жұмыс тобы не домені);

ғ) қатардағы әр компьютерден домен әкімшісі есептік жазбасынан жүйеге енуді орындау (немесе домен жасалған есептік жазба атынан). Бұл кезде атауды енгізу аймағында ашылатын «Вход на:» тізімде жасалған доменді таңдау керек. Желілік қоршауда домен құрамын қарау керек. Егер жұмыс станциясы Windows 2000 Professional не Windows XP Professional/Home басқаруымен жұмыс жасаса, одна желілік қоршауда («Желінің толық құрамын көрсету» есепбін таңдағанда) «Бума» объектісі болады. Бұл – Active Directory-ның клиентке көрсетілетін бөлігі. Бұл жағдайда оны қарап шығып, жазбаша есепте құрамын нұсқап кету керек;

Жазбаша есептің мазмұны.

а) жұмыс орындалған есептік жазба мен кілтсөз;

ә) жұмыста қолданылған компьютерлердің нөмірлері, олардың тетіктелуі: IP-адресі, атауы, домен не жұмыс тобына қатыстығы, орнатылған операциялық жүйе (егер бірнеше жүйе орнатылған болса, онда жұмыс орындалғанын);

б) қай компьютерлер доменнің бірінші және екінші контроллері болады;

в) доменнің атауы мен оның компьютерлеріне бекітілген IP-адресстер;

г) домен компьютерлерінің атауын көрсету;

ғ) тапсырманың (д) тармағында көрсетілген Active Directory бумаларының құрамын көрсету, бұл кезде әр объектіге қысқаша түсінік беру және оның қызметін атау, ал егер (ф) тармағының шарттары орындалса, онда «Бума» объектісінің иерархиясы мен құрамын көрсетіп, оған қысқаша түсініктеме беру;

д) тапсырманың (е) тармағын орындағанда келесі ақпаратты атау:

– доменнің жұмыс режимін жоғарлатпай тұрып, бірінші контроллерден қарағандағы доменнің жұмыс режимі;

– доменнің жұмыс режимін жоғарлатпай тұрып, қосымша контроллерден қарағандағы доменнің жұмыс режимі;

– доменнің жұмыс режимін жоғарлатқаннан кейін, бірінші контроллерден қарағандағы доменнің жұмыс режимі;

– доменнің жұмыс режимін жоғарлатқаннан кейін, қосымша контроллерден қарағандағы доменнің жұмыс режимі.

Нәтижені түсіндіру.

е) қауіпсіздік саясатының қандай параметрлері орнатылғанын көрсету (тапсырманың (ж) тармағын орындаған кезде), әр саясаттың қысқаша сипаттамасын беру, оның параметрінің мүмкін мәндері мен оның мағынасын көрсету. Қосымша ақпаратты анықтама жүйесінен алуға болады.